



## ЭКОНОМИКА

ӘОЖ 624.092.331.762 4

Коптаева Г.П.

### АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТИКТЕРІН ЖЕТИЛДІРУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

*В статье рассматривается зарубежный опыт формирования и регулирования специальной экономической зоны.*

*In this article foreign experience formation and regulation of a special economic zone is considered.*

Арнайы экономикалық аймақ бұл – капиталды инвестициялау және экономиканы дамыту үшін жағдай туғызатын шетел және отандық кәсіпкерлерге ерекше экономикалық женілдіктері бар ұлттық - мемлекеттік шектелген аумақ белгілі. Арнайы экономикалық аймақтар ішкі сауда, жалпы экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін құрылады.

Арнайы экономикалық аймақты құру кезінде, біздін еліміз аумағындағы арнайы экономикалық аймақ, сонымен қатар ТМД және альс шетел елдеріндегі АЭА-дың жұмыс тәжірибесі есепке алынады.

Арнайы экономикалық аймак құрудын басты мақсаты – арнайы экономикалық аймак аумағын игеру және жеделдетіп дамытуды қамтамасыз ету, қазіргі заманғы инфрақұрылымды жасау, әкімшілік және әлеуметтік-мәдени маңыздығы бірегей объектілер құрылышын салу, жабдықталған тұрғын үйлер салу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуына жағдай жасау болып табылады.

Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақ аумағы еркін кедендейк режимі жүргізілетін аумақ ретінде қарастырылады. Шетелдік тауарларды еркін кеден аймағының кедендейк режиміне орналастырған кезде импортталағын тауарларға акциз салуды қоспағанда кеден баждары мен салық салынбайды және тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптардан басқа тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды [1].

АЭА аумағында инвесторлар үшін кеден және салық женілдігінен басқа да пайда бар. АЭА аумағындағы құрылыштың негізгі мақсаты бюджеттік қаржы есебінен аумакты инженерлік дайындау және инженерлік желілер мен жолдарды салу болып табылады.

Еліміздегі арнайы экономикалық аймактардың басым бағытта дамуын Елбасы жыл сайынғы жолдауында да нақты серпінді тапсырмаларымен ныктап келеді. Қазақстан ТМД-дағы интеграциялық процестердің белсенді қатысушысы болып табылады. Ресей және Беларусиямен 2010 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енген Кедендейк одақ құру – бұл қазақстандық барлық интеграциялық бастамалардың серпінді қадамы.

Халықаралық тәжірибелі зерделей келгенде, прогресске бастайтын бағыттың интеграция, білім, технологиялар алмасу, өзара сауда арқылы жүзеге асатынына тағы да көз жеткізіп, түйінді тұжырым жасауға болады. Қазақстанға бұл мәселе айрықша



өзекті, өйткені, аумағының үлкендігі жағынан әлемде тоғызынышы орын алғатын, халқының саны баржоғы 16 миллионды құрайтын ел үшін іргелес жақын көршілерімен өзара тиімді карым-қатынас жасаудың өзі тарихи жағынан айрықша маңызды екені шүбесіз. Өзіміз үшін өткізу рыногын кеңейте отырып, біз бір мезгілде салауатты бәсекелестік орта жасаймыз, ал бұл баршаға мәлім, бизнестін бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізі болып табылады.

Әртaraaptandыру жөніндегі жоспарымызды іске асыру үшін бір ғана мемлекеттік ресурстардың жеткіліксіз болатындығы ақырат. Оның негізгі көзі шетелдік тікелей инвестициялар болуға тиіс. Бұғанде Президентіміздің күш-жігері арқасында Қытайдан, Оңтүстік Кореядан, Біріккен Араб Әмірліктерінен, сондай-ақ Франция, Италия, Ресей компанияларынан мәлшері 20 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиациялар тарту мәселесі шешілді.

Бұл ретте осы қаражаттың шикізаттық емес секторға берілетіндігін, индустриялық бағдарламаның, инфрақұрылымның және бірлескен кәсіпорындардың ондаған нысандары іске қосылатындығын атап айтқан орынды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасына тікелей шетел инвестиацияларын тарту арналарын кеңейту – арнаіы экономикалық және индустриялық аймақтардың инвестиациялық тартымдылығын арттыру және мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Атап айтканда, арнаіы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру жедел экономикалық өсудін факторы болып табылады, оның халықаралық тауар айналымын жандандыру, инвестиацияны жұмылдыру, экономикалық интеграция үдерістерін тереңдету есебінен жүзеге асырылатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар, қазақстандық арнаіы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтардың инвестиациялық тартымдылығы қазіргі кезде жеткілікті дәрежеде жоғары емес, өйткені, олардың жұмыс істеу жағдайы инвесторлардың нақты қажеттері мен мұдделеріне әлі толық бағдарланбаған.

Әлемдік экономикада 60-жылдардан бастап, арнаіы аймақтардың дамуы бойынша біршама тәжірибелердің жинақталғаны байқалады. Көп мемлекеттерде аймақтардың бірнеше түрі қалыптасып, даму үстінде, солардың кейбір түрлерін атап кететін болсақ: *арнаіы сауда аймағы (арнаіы кеден аймағы, арнаіы порттар, транзиттік)* – ұлттық кедендік территориядан алишақ орналасқан ықшам территориялық құрылым; *өнеркәсіптік сауда* және ғылыми-өндірістік (импортқа және экспортқа бағытталған, оффшорлы) аймақтар – арнаіы кедендік, фискалдық және қаржылық жеңілдіктері бар және әр түрлі режимдердің үйлесімін пайдаланатын аймақ болып табылады; *инновациялық (технополистер, өнеркәсіптік және ғылыми парктар)* аймақтар – бірыңғай фискалдық және қаржылық жеңілдіктер жүйесін қолданатын ұлттық және/немесе шетелдің зерттеу, жобалық, ғылыми-өндірістік фирмаларын шоғырландырады; *кешенді аймақтар (арнаіы кәсіпкерлік аймақ, арнаіы және айрықша аймақ, айрықша режимдегі территориялар)*.

Көптеген мемлекеттерде өнеркәсіптік, технологиялық парктар, кәсіпкерлік аймақтар оффшорлы компаниялар, сауда және өнеркәсіп түріндегі арнаіы кедендік территориялар құрылған. Технопарктардің әлемдік экономикада кеңінен орын алғып отырғандығы белгілі, мәсселен олардың саны 700-ден асады, сонын ішінде АҚШ-та - 140, Қытайда – 130.

Арнаіы экономикалық аймақтардың жіктелуінде өнеркәсіптік өндеу аймағының орын алғып, оның құрамын - импорт алмастыру аймағы, экспорт алмастыру және экспорт-импорт алмастыру аймақтары болып белгінеді. Бұл аймақтардың кеңінен тараған түрі 70-80 жылдары техникалық-өндіріс аймақтары ретінде қызмет атқарған. АҚШ-та кездейсоқ жағдайлармен стихиялы түрде қалыптасса, Жапония мен Қытайда - ірі ғылыми орталықтардың құрамында мемлекеттің тікелей колдауымен арнаіы құрылым отырған.

Арнаіы экономикалық аймақтардың құрылуы экономикалық дамудың нақтылы бір мәселесіне, ерекше міндеттін орындауға бағытталуы тиіс. Бұл экономикалық дамудың міндеттерін орындаудағы арнаіы экономикалық аймақтың сәйкес үлгісінің құрылуын талап етеді [2].

АҚШ-тағы арнаіы экономикалық аймақтардың автокөлік саласының жедел қалыптасып дамуымен байланысты 1934 жылдардан дами бастаган. АҚШ-қа қіретін импорттық құрамдас бөлшектердің тарифін төмендегу максатында сыртқы сауда аймағы құрылды. Олардың саны қазіргі танда 200-ден асады. Бұл аймақтардың сыртқы экономикалық аймақтың дамуына, АҚШ-тың халықаралық саладағы үлесін арттыруға зор ықпалын тигізді.

АҚШ-та кәсіпкерлік аймақтар және технологиялық парктар жаксы дамыған. Сонын ішінде кәсіпкерлік аймақ 1980 жылдардан қызмет атқарып келе жатыр. Оның мақсаты ішкі аумақтың дамуына



ықпалын тигізуге және депрессивті аудандардағы шағын және орта бизнестін дамуына есөрін тигізу, өмірденгейін жоғарылату. Осы аймақтардағы қаржылық, салықтық женілдіктердің тұрақты орын алып, әлеуметтік тиімділігі жоғары болғандығын күзәландырады.

Арнайы экономикалық аймақтардың тиімді қызметі америка экономикасына тиімді жағымен есөрін тигізді.

Жапонияның арнайы экономикалық аймактарының дамуының 2 нұсқасы бар. Бұл 1980 жылдары қалалардың және оған шектеліп жатқан аудандардағы жоғары технологиялы салалардың, ғылыми-зерттеу институттары шоғырланған технополистер. Басты мақсаты - орталықтағы өнеркәсіп объектілерін шет аудандарға бағыттап, өнеркіспі тұлымды және энергия үнемдеу сиптина бағдарлау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жаһандану болып табылады.

Екінші нұсқасы импорттың даму аймағы - теңіз және әуе порттарындағы аудандарда экспорттық тауарлардың шоғырлануын ынталандыру көзделген. Бұл өз алдына тасымалдау шығындарын төмендетуге ықпалын тигізеді. Импортталған жүктөрді өндайтін компанияларға төмен пайызыда зайдар беріледі [3].

Ирландияда "Шенон" арнайы экономикалық аймағы қызмет атқарады. Бұл аймақтың туризм мен баж салығынан босатылған және сауданы дамытуға бағытталған. Бұл аймақтағы қатысушылардың барлығы салықтық женілдіктерге, өндірістік ғимараттар мен жерге арендалық төлемдерге шегерімдерге ие болып отыр.

Қытайда 5 айрықша экономикалық аудандар қызмет атқарады: Шэнъчжэнь, Сямэнь, Чжухай, Хай-нань, Шаньтоу. Бұл аймактарда кедендік және салықтық женілдіктер бар, 15%-к табысқа салынатын салық, 10 жыл мерзімде жүзеге асырылатын жобаларға 2 жыл салық салымдары жүрмейді. Шет елге акша қаражаттарын аударуға женілдіктер ескерілген. Шет елдін инвесторлары қытай қәсіпорындарына пайдасының белгілі бір бөлігін қайта инвестициялау кезінде табысқа салынатын салықтан босатылады. Егер өнімнің 70%-ы экспортталған болса, табысқа салынатын салыққа 10 %-дық шегерім беріледі. Аймаққа қытысуналар жабдықтарды импорттаған жағдайда баж салығынан босатылады.

Қытайдың айрықша экономикалық аймактарының дамуы айрықша аудандарда дамыған инфрақұрылымдардың құрылуымен сипатталады. Сол себептен әлемнің ірі инвесторлары тартылады, бірақ 80%-ға жуық шығындарды мемлекет бюджеттен қаржыландырылған.

Арнайы экономикалық аймактардың шетелдерде даму тәжірибесін ескеру арқылы отандық арнайы экономикалық аймактардың дамуы келесідей болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 1996жылы 26 кантардағы "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Заны қабылданған. Арнай экономикалық аймаққа кіретін резиденттердің табысына түсетін салық ставкасы төмен мөлшерде болды (жалпы үлттық ставка 30%-бен салыстырғанда 20%-ға дейін төмен). Арнайы экономикалық аймақтың бюджет жалпы табысының тұрақты нормативті бөлінісімен өзара байланыста болған.

1996-2000 жылдар аралығында 4 арнайы экономикалық аймактардың қызмет аткарғаны белгілі, олар: Ақмола, Лисаковск, Жәйрем-Атасу, Қызылорда.

Аталған арнайы экономикалық аймактарда өндіріс пен өндешеу саласын дамыту мақсатында жабдықтарды, шикізат пен материалдарды кіргізгені үшін баж салығынан босатылады, сонымен қатар, аймақтағы өндірілген және өндөлген өнімді шығару кезінде баж салығы жүрмейді.

Қазақстандағы қызмет аткарған арнайы экономикалық аймақтағы қәсіпорындардың 1996-1998 жылдар аралығында аймақтық экономиканың экспорттық әлеуеті ұлғаймаған, технологиялық деңгейі төмен, өндешеу өнеркәсібі мен ғылыми ауқымды саланын дамуы байқалмады.

Осы жағдайдағы түрлілік себебі отандық арнайы экономикалық аймактардың құрылу мақсатының көптігі мен әр түрлілігі, арнайы экономикалық аймақтың нақтылы басты мақсатының жоқтығы және макроэкономикалық міндеттерді орындау мақсатына жету үшін аймақ қызметінің механизмі толық нақтыланбаған.

Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймактардың теориялық және әдістемелік зерттеуінің жетіспеушілігі, территориядағы экономикалық әлеуеттің құрамдас бөліктерінің терең талданбауынан және сол территориядағы әлеуетті шетелдің инвесторларының мүддесін ескермеү себептерінен арнайы экономикалық аймактар құрылған.

Көліктік-географиялық тұрғыда Ақмола арнайы экономикалық аймағы орынды болған. Ал Қызылорда арнайы экономикалық аймағының дамуына кедергі болған көліктік-коммуникация және энергетикалық инфрақұрылымның жоқтығы [4].



Қазақстанның арнайы экономикалық аймактарының қызметін талдау барысында арнайы құрылған аймақ тек шағын бизнестің, сауда-делдалдық қызметтің дамуына, жалпы жұмысбастылықтың есуіне ықпалын тигізді, ал экспорттық әлеуеттің дамуын ынталандыруға, технологиялық базаның жандануына, жалпы ішкі өнім құрылымындағы дайын өнім үлесінің ұлғайуына, бәсекелестік қабілеттілігі мен ғылыми ауқымдылығының жоғарылауына әсерін тигізбейді.

Арнайы экономикалық аймактардың шетелдік тәжірибесі мен отандық даму тарихы келесідей қорытынды беріп отыр. Жеке арнайы аймактардың нақтылы мақсаттарының, ерекшеліктерінің белгілі болып жіктеліну сипатымен айқындалуы керек. Ұлттық мұдденін дамуы мен әлеуетті инвесторлардың мудделерінің сәйкес келуі, экспорттың дамуына көліктік-географиялық және басқада алғышарттардың орын алуы тиіс.

#### *Әдебиеттер:*

1. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. - М.: Дело, 1992. -380с.
2. Кэмпбелл Р., Макконнелл, Стэнли Л.Брю. Экономикс: Принципы, проблемы и политика. Т.1, -Таллин, 1993. -251с.
3. Маконелл К.Р., Бюро С.П. Экономикс. М.: Менеджер, 1993. 176с.
4. Алдияров С., Байзаков А. О применении экономического метода кластерного анализа в горнometаллургическом комплексе Казахстана // Транзитная экономика, 2005. - №3. -С. 5-18
5. Алдашов Б.А. «Кластерность» - доминирующий принцип региональной экономической политики. // Индустрия Казахстана, №6, 2005. - С. 16-18